

Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 01 "Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2022 жылғы 1 маусымдағы № 01 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 маусымда № 28319 болып тіркелді

ШЕШТІМ:

1. Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 01 "Алматы қаласы Алмалы ауданы бойынша сайлау учаскелерін құру туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1538 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасындағы № 77 сайлау учаскесі алынып тасталсын.

2. "Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімі аппаратының интернет-ресурсында орналастырылуын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алмалы ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы Алмалы ауданының әкімі

Е. Сейтенов

"КЕЛІСІЛДІ"

Алматы қаласының
аумақтық сайлау комиссиясы